# Қысқа мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| Пән: Қазақ тілі Т2 | **Бөлім: 3. Уақыт** |
| **Күні :** | **Педагогтің аты-жөні:Амантаева Назира Нурлановна** |
| **Сынып: 3** | **Қатысқан оқушылар:** **Қатыспаған оқушылар :** |
| **Сабақтың тақырыбы:** Сағат он екі болды | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары** | 3.2.2.1 берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем)<br>3.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айту<br>3.5.1.3* мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| **Сабақтың мақсаты :** | **Оқушылардың барлығы:**<br>Тірек сөздерді қолдана отырып сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырады.<br>**Оқушылардың көпшілігі:**<br>Сөздер мен сөйлемдердің мағынасына сәйкес әрекет жасайды, тақырып бойынша диалогке қатысады, ауызша және жазбаша сөйлеуде қосымшаларды орынды қолданады.<br>**Оқушылардың кейбірі:**<br>Тақырып бойынша сұхбаттасу барысында басқалардың ойын толықтырады, қосымша ақпаратымен бөліседі. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Шаттық шеңбері «Жүрекше тілектер» Оқушылар тілектер жазылған жүрекшелерді бір-біріне үлестіріп оқиды.<br><br>Кіріспе сұраққа жауап алу арқылы жаңа тараудың мазмұнын болжайды?<br>- Балалар кім біледі? Дүниеде ең қымбат не?<br>- Біз уақыт туралы мәлімет аламыз<br>Уақыт өлшемдерін айтып үйренеміз | Барлық оқушылар бір-біріне шеңбер бойы жылы тілек айтады<br> | **Қолпаштау** | |
| **Сабақтың ортасы** | 1.Тыңда. Қайтала.<br>**Сөздікпен таныстыру:**<br>**Жаңа сөздер:**<br>Сағат неше?- который час?<br>Тура-ровно<br>Қалды- осталось<br>Кетті-ушло<br>*Жаңа сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру жаттығуы:* | Тыңдалым,айтылым.<br>Сөздерді оқиды, қайталайды, сөз тіркесін құрастырады. **Мысалы:** сағат тура он екі. Сағат тура – төрт. Сағат он екіден он бес кетті. Сағат беске он бес қалды.<br><br>Тәуелдік жалғауларды қайталау:<br><br>Менің сағатым<br>Сенің сағатың | **Дескриптор:**<br>-мұғалім сөздерді мәнерлеп оқиды;<br>- оқушылар мұғалімнен кейін сөздерді қайталайды, дауыстап оқиды, | **Слайд**<br><br>**Слайд Оқулық 127 бет** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **2. Оқылым. Айтылым**<br><br><br>**3. 1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдайды, таныс емес сөздерге түсінік беріледі.<br><br>**4. 2-тапсырма.**<br>Суреттерге қара,оқы. Мәтінді мұқият оқып, мазмұн бойынша өз бұрышыңызға бір сұрақ құрастырып жазыңыз. Дастарқанды сағат тілімен айналдырып, көршіңіздің сұрағының астына жауап жазыңыз. Топта ақылдаса отырып, мәтіннің тақырыбин анықтаңыздар | Сіздің сағатыңыз<br>Оның сағаты<br><br>Суреттер бойынша сөйлем құрастырып айтады. Бір – біріне сұрақ қояды.<br><br>Сағат тоғыз болды. Сағат он екі болды.<br>Сағат тура жеті болды. Бірге бес минут қалды. Тоғыздан он минут кетті.<br>**Тыңдалым.Айтылым.**<br>1. Сұраққа жауап береді.<br>2. Әнел кіммен сөйлесті?<br>3. Сағат неше болды<br>4. Әлібек мектепке нешеде барады?<br><br>**Оқылым**<br>Мынау- менің сағатым. Сағатым он екі болды. Мен кітап оқимын.<br>Мынау- менің сағатым. Сағатым екіге он минут қалды. Мен тамақ ішемін.<br>Мынау- менің сағатым. Сағатым оннан он минут кетті. Мен футбол ойнаймын. | тізбекпен оқиды;<br><br>«Бас бармақ»<br><br><br>Дескриптор: тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша әңгімелейді;<br>- таныс емес сөздердің мағынасын анықтайды.<br><br>Дескриптор:<br>мәтін мазмұны бойынша 1 сұрақ құрастырады;<br>-көршісінің сұрағына мазмұн бойынша жауап береді;<br>-топта ақылдаса отырып, мәтінге тақырып қояды | **Слайд Оқулық 128-129 бет** |
| | **Сергіту сәті** | | | |
| | **5. Жазылым.**<br>**4-тапсырма. «Мен білемін!»** Тиісті қосымшаларды жалғап жазады, дәптерлерін мұғалімге тапсырады.<br><br>I. Менің ат... – Әлібек. Мен үшін.. .сыныпта оқи,,, . Сағат сегіз болды. Мен мектепке барам... .<br>II. Інім... аты- Ғабит. Ол бес... . Сағат тоғызға он бес минут қалды. Ол балабақша... барады.<br>-мын \| -нің \| -ші \| -ым \| -ға \| -те<br><br>**Дескриптор:**<br>• Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаларды жалғап жазады<br>• орфографиялық нормаларды сақтайды | | | |
| | **6.** 3 – тапсырма.<br>Сандарды сөзбен айт. | **Айтылым.**<br>Сағат бес болды. .... | **Дескриптор:**<br>– сандарды сөзбен айтады | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | -тура, қалды, кетті сөздерді пайдаланады. | |
| **Сабақтың соңы** | **Үйге: 67 бет 5-тапсырма** | | | |
| | **Кері байланыс**  | Оқушылар сабақта алған білімдерін<br>Чемодан-салып аламын, алдағы уақытта қолданамын.<br>Еттартқыш-алған ақпаратты өңдеймін .<br>Себет-керек емес ақпарат, лақтырып жіберемін арқылы білдіреді. | | |